

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



БЕКІТЕМІН

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың

ғылыми кеңесі

Хаттама № ____ « ____ » 2019ж.

Ғылыми кеңес төрағасы

Т. Балықбаев

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Диссертациялық кеңес туралы

ЕРЕЖЕСІ

Көшір мө	Код	Басылым	Құрастырыған	Келісілді	Келісілді	Келісілді
	E КазНПУ 1072-19	үшінші	Баимбетова Г.А. <i>P.S.</i>	Құлсариеva А.Т. <i>Б.Б.</i>	Бектемесов М.А. <i>Б</i>	Сатмырзаев А.А. <i>А.С.</i>
				Сахиев С.К. <i>Сахиев</i>	Дамитов Б.К. <i>Дамитов</i>	Оразгали А.Д. <i>Оразгали</i>

Алматы, 2019 ж.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 1072-19	Беті 2 барлығы 24

1. Жалпы ережелер

1.1 Диссертациялық кеңестер өз қызметінде КР Конституциясын, «Білім туралы» Занын (2007 ж.), «Ғылым туралы» Заңын (18.02.2011 ж.), КР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 «Диссертациялық Кеңес туралы ұлгілік ереже», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 18 мамырдағы №225 «Диссертациялық Кеңес туралы ұлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2015 жылғы 27 ақпандагы №286 бұйрықтарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрықтарын және Осы ережені басшылыққа алады.

2 Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) *диссертациялық кеңестер* – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұғымдары (бұдан әрі – ЖОО) жаңындағы алқалы органдар.

2) *диссертация* – философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасы шенберінде нақты мамандық бойынша біліктілік ғылыми жұмысы.

3) *философия докторы (PhD)* – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантуралық бағдарламасын менгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде диссертация қорғаган адамдарға берілетін, «Білім туралы» Занда белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

4) *бейіні бойынша доктор* – докторантуралық бағдарламасын кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша менгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде диссертация қорғаган адамдарға берілетін, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – «Білім туралы» Зан) Заңында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

5) *диссертациялық кеңес комиссиясы* – диссертацияда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен құралған комиссия.

6) *плагиат* – бөтен туындыны тұтастай немесе оның бір бөлігін қасақана өз авторлығына иемдену, сондай-ақ, құжат мәтініндегі материалды бұрын жарияланған құжаттардағы авторға және (немесе) дереккөзге сілтеме жасалған немесе сілтеме жасалмаған күнде өз материалы ретінде көрсету, шеттеп алынған материалдардың көлемі мен сипаты орындалған жұмыстың дербестігіне күмән келтіретін мәтін.

7) *Хири индексі* – жарияланымдар саны мен дәйексөздер санына негізделген ғалым, ғалымдар тобы, ғылыми ұйым немесе елдің жалпы өнімділігінің ғылыми өлшемдік көрсеткіші.

8) *ғылыми семинар* – негізделген қорытындыны қалыптастыру мақсатында PhD докторанттарының диссертациялық зерттеулеріне алдын-ала сараптама жүргізу үшін мамандар тобын біріктіретін арнайы құрылған орган.

9) *апелляциялық комиссия* – диссертацияларды қорғау нәтижелері бойынша даулы мәселелерді шешу мақсатында құрылған орган.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 3 барлығы 24

2. Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру

3. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің диссертациялық кеңестерін (бұдан әрі – Абай атындағы ҚазҰПУ) университет өз алдына дербес түрде докторантуралық тиісті мамандықтары (кадрларды даярлау бағыттары) бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы болған жағдайда 1 (бір) күнтізбелік жылға құрады.

Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

4. Диссертациялық кеңес құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар жетекші ғалымдар, сарапшылар және практик-мамандар арасынан кемінде 6 (алты) адам кіргізіледі. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің кемінде жартысы шетелдік жоғары оқу орнының 1 (бір) өкілін қоса алғанда, басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады.

5. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің мамандықтың тиісті саласы бойынша Web of Science немесе Scopus (2000 ж.бастап) ақпараттық базаларына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары, патенттері, авторлық куәліктері, (БФСБК) Басылымдар тізбесінен шыққан басылымдарда кемінде 10 (он) жарияланымы, шығармашылық енбектері болуы тиіс. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің Хирш индексі болуы тиіс. (1-қосымша).

6. Диссертациялық кеңестің құрамына:

- 1) Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;
- 3) соңғы 5 (бес) жылда теріс шешім алған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілер болып табылған мамандар;
- 4) ҚР БФМ БФСБК сараптамалық кеңесінің мүшелері (келісім бойынша) енгізілмейді.

7. Диссертациялық кеңестің құрамы, сондай-ақ құрамындағы өзгерістер университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

8. Диссертациялық кеңестің ұйымдастырушылық және қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге байланысты барлық шығындар, соның ішінде диссертациялық Кеңес мүшелерінің енбекақысы мен іссапар шығындары университет есебінен өтеді (2 және 3-қосымша).

Университет докторантқа бүкіл оқу кезеңі ішінде өзгенің жұмысын көшірмеу үшін жұмысты тексеруге мүмкіндік беретін плагиатты анықтайтын компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етеді.

3. Диссертациялық кеңестердің функциялары

9. Диссертациялық кеңестердің функциялары:

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- 2) диссертациялық кеңестің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құрады;
- 3) диссертациялық жұмыс бойынша қорғау мерзімін және ресми рецензенттерді тағайындау;

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 4 барлығы 24

4) докторлық диссертацияны ашық түрде қорғаудан өткізу немесе диссертациялық жұмысты қорғаудан алып тастау;

5) философия докторы (PhD) дәрежесін беру;

6) мерзімді есеп беру.

10. Диссертациялық Кеңес мүшелері:

1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;

2) диссертацияға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне назар аударады;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, бір тараптың немесе үшінші тұлғаның әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қактығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

11. Диссертациялық Кеңес университет сайтында Диссертациялық кеңес қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есепті (4-қосымша) ұсынуды қамтамасыз етеді. Құнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін Диссертациялық кеңес ҚазҰПУ Ғылыми кеңесінде есеп береді, мақұлдағаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жібереді.

12. Диссертациялық кеңес осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзған жағдайда университеттің Ғылыми кеңесі диссертациялық кеңестің жаңа құрамын бекітеді.

4. Диссертацияларды қабылдау және қарau ережелері

13. Докторлық диссертацияларды қорғауға қабылдау және қарau рәсімі келесідей жүзеге асырылады:

Кафедраның кеңейтілген отырысында тындалады, оның нәтижесінде диссертация бойынша хаттамадан көшірме түрінде қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды шығарылады.

Кафедраның кеңейтілген отырысы докторант білім алған ЖОО-да өткізіледі. Кафедраның кеңейтілген отырысында тындау шараларына докторантуралың білім беру бағдарламаларын толық менгерген, диссертацияны және ғылыми кеңесшілердің пікірлерін ұсынған докторанттар жіберіледі. Кафедраның кеңейтілген отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми жұмысының саласынан хабардар, ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), докторанттың ғылыми зерттеу саласындағы бейіні бойынша доктор) бар 2 (екі) маманға жіберіледі.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ аралас (мәндес) кафедралардың немесе университеттің құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері катысады. Кеңесшілер болмаған жағдайда олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірлерін кафедра басшысы оқиды.

Диссертация бойынша қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасынан көшірме түрінде рәсімделеді,

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 5 барлығы 24

отырыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды, жетекшілік ететін проректор растайды және бекітеді. Қорытындыда зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» 5 және 6-тармактарына сәйкес диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығы, ескертулер мен ұсыныстар, қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды болуы тиіс.

14. Диссертациялық кеңесті таңдау және диссертацияны қорғауға қабылдау туралы ректордың атына өтініш (кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысын алған жағдайда).

Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін таңдаған жағдайда оның құжаттары 10 (он) жұмыс күні ішінде таңдалған диссертациялық кеңеске жолданады.

15. Диссертациялық Кеңес жанындағы ғылыми семинарда диссертацияны талқылау.

Докторанттар, соның ішінде басқа ЖОО-да білім алған докторанттар қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін 1 (бір) ай бұрын Диссертациялық кеңес жанындағы ғылыми семинарда талқылаудан өтуі тиіс. Ғылыми семинардың құрамы университет ректорымен бекітіледі. Ғылыми семинардың құрамына сәйкес мамандық бойынша диссертациялық кеңестің мүшелері (3 мүшеден кем емес) және университеттің жетекші ғалымдары – докторанттың ғылыми зерттеу саласындағы мамандар кіреді.

Ғылыми семинарга мамандық бойынша жетекші ғалым басшылық жасайды. Диссертациялық кеңестің төрағасы мен мамандық даярлайтын кафедра менгерушісі ғылыми семинар жетекшілері бола алмайды, бірақ құрамына кіре алады. Семинар диссертациялардың диссертациялық кеңеске келіп түсінен қарай өткізіледі. Ғылыми семинардың шешімі хаттамадан қоюшіме түрінде рәсімделеді.

Ғылыми семинар талқыланған диссертациялық жұмысты:

- қорғауға ұсынуға;
- немесе қайта өндөуге жіберуге құқылы.

Докторант диссертацияны ғылыми семинардың қарауына үш рет беруге құқылы.

Диссертациялық Кеңес жұмысты ғылыми семинардың ұсынысымен ғана қорғауға қабылдайды.

16. Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін қажетті құжаттарды жинау және рәсімдеу.

Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін докторант білім алған жоғары оқу орнының бланкісіндегі ілеспе хат және келесі құжаттар негіз болып табылады:

- 1) Диссертациялық кеңес төрағасының атына қорғауға қабылдау туралы өтініш (6-қосымша);
- 2) Берік түптелген (3 (үш) дана) және электронды тасымалдағыштағы (CD-дискі) диссертация;
- 3) Диссертацияның үш тілдегі (мемлекеттік, орыс, ағылшын) жалпы көлемі кемінде 1 (бір) баспа табақ болатын аннотациясы (2 (екі) данадан);
- 4) Отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілерінің пікірлері;
- 5) Диссертация дайындалған кафедраның кеңейтілген мәжілісінің оң шешімі және қорғауға ұсынысы бар хаттамасы;
- 6) Докторант білім алған ЖОО ғалым хатшысымен бекітілген ғылыми еңбектер тізімі мен олардың баспа таңбалары;
- 7) Докторант білім алған ЖОО кадрлық қызметімен куәландырылған жеке іс парагы;

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 1072-19	Беті 6 барлығы 24

8) Докторант білім алған ЖОО-ның диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерін бекіту туралы, қорғауға жіберу туралы бұйрықтарының көшірмелері;

9) Докторантуралың кәсіптік оқу бағдарламаларын менгергені туралы транскриптің көшірмесі;

10) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом мен қосымшаларының нотариалды қуәландырылған көшірмелері.

Диссертация қазақ, не орыс, не ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы бөлімде көрсетілген құжаттарды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы тіркейді және 2 (екі) жұмыс күнінен кем емес мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады.

17. Диссертацияның қорғалу күні және екі ресми рецензентті тағайындау.

Құжаттар қабылданғаннан бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойына доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласында 5 (бес) ғылыми мақаладан кем емес еңбегі бар екі ресми рецензентті тағайындауды.

Қорғау мерзімі қорғау уақыты белгіленген күннен бастап 3 (үш) ай уақыттан аспауды тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының тұсу кезегі сақталады.

Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау барысында, ресми рецензенттердің, ғылыми кеңесшілерінің бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер ретінде белгіленбейді:

1) Комитет қызметкерлері;

2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;

3) диссертация орындалған құрылымдық бөлім және (немесе) ғылыми үйим жетекшілері мен қызметкерлері, докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген үйим қызметкерлері;

18. Университеттің интернет-көзінде докторанттың қорғауы бойынша материалдарды орналастыру.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы университеттің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

1) мекен-жайы, күні мен уақыты көрсетілген алдағы қорғау туралы хабарлама (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

2) диссертацияны (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын орналастырады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) жыл бойы қолжетімді);

3) көлемі кемінде 1 (бір) баспа табақ болатын мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндемесі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1(бір) ай бұрын);

5) ғылыми кеңесшілерінің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1(бір) ай бұрын), қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) жыл бойы қолжетімді;

6) ресми рецензенттердің пікірлері (бекітілген қорғау мерзімінен 15 жұмыс күні бұрын);

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 1072-19	Беті 7 барлығы 24

7) қорғаудың бейнеказбасы толық көлемде, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) жыл бойы қолжетімді);

8) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы (ақпарат қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) жыл бойы қолжетімді).

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылданған кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданған кейін 5 (бес) жыл бойы қолжетімді).

10) осы Ереженің 2 Қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңес жұмысы туралы есеп (құнтізбелік жыл аяқталған соң 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады).

11) 4 Қосымшага сәйкес диссертациялық кеңестердің (PhD) философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) туралы шешімдері бойынша тоқсандық есеп. Тоқсандық есеп тоқсан аяқталған кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді.

12) қорғауларды өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және рефери рецензенттердің аудио туралы хабарландыру (болған жағдайда);

13) диссертациялық кеңес құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес жұмыс қызметінің тәртібі.

Диссертацияны ЖОО интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда, авторлық құқықты қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады. Диссертация интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін мәтініне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауға ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электронды поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

Теріс бағалы бейресми пікірлер авторы көрсетіліп, қорғауға дейін 30 күннен кем емес мерзімде ұсынылуы тиіс.

Диссертациялық кеңес Комитетке қорғау туралы хабарламаны қорғауға қабылдау күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды.

19. Диссертацияны докторанттың көшірме материалды (плагиат) пайдалану бойынша тексеріске жіберу.

Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес диссертацияны докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын тексеру үшін «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» (ары қарай - ҰМФТСО) акционерлік қоғамына жолдайды.

ҰМФТСО анықтамасында, рефери рецензенттер және университеттің интернет-көзіндегі бейресми пікірлерінде плагиат фактілері көрсетілген жағдайда диссертацияны плагиатқа тексеретін диссертациялық кеңес Комиссиясы құрылады (ары қарай - Комиссия). Комиссия З адамнан құралады:

- 1) Диссертациялық кеңес төрагасы,
- 2) Диссертациялық кеңес мүшесі – Абай атындағы ҚазҰПУ өкілі;
- 3) Диссертациялық кеңес мүшесі – басқа ЖОО өкілі немесе ғылыми және өзге ұйымдар.

Тексеру туралы қорытынды диссертациялық кеңеске қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 8 барлығы 24

Авторы және дереккөзіне сілтеме жасамай материал пайдалану анықталған жағдайда, диссертациялық жұмыс қорғауға жіберілмейді.

20. Университет кітапханасына диссертацияның данасын қағаз және электронды тасымалдағышта ұсыну.

Корғаудан соң 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы электронды тасымалдағыштағы диссертация даналарын Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапхасына жібереді.

21. Ресми рецензенттердің жазба пікірлерін диссертациялық кеңеске ұсыну.

Ресми рецензенттер диссертацияны қарастыру және жарияланған жұмыстар негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерді ұсынады. Аталған пікірлерде ғылым дамуының бағыттарына («Ғылым туралы» Заңының 18-бабының З-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы қалыптастырыттын) және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, таңдалған тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңашылдығы, дербес жазылуды, дәйектілілік, ішкі бірлігі, практикалық құндылығы, академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі бағаланады, сондай-ақ тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа қорғауға дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Пікір осы тармақтың талаптарына сәйкес болмаған жағдайда диссертациялық кеңес қорғауға дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей пікірді ресми рецензентке қосымша қарау үшін қайтарады немесе ресми рецензентті аудиоформалданады.

Ресми рецензенттер, сондай-ақ жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда аудиоформалданады. Егер ресми рецензентті аудиоформалданады шешім 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні аудиоформалданады.

22. Диссертациялық кеңестің қорғауға жіберу туралы шешімді қабылдауы.

Диссертациялық кеңестің Комиссиясының қорытындысы негізінде диссертациялық кеңес докторантты қорғауға жібереді немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды және тиісті ақпарат университеттің интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар немесе қызметтік бапта пайдалану үшін диссертациялардан қорғалған жайдайдан басқа).

Докторант диссертациялық жұмысын бекітілен қорғау күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

5. Диссертациялық кеңес жұмысының тәртібі

23. Диссертациялық кеңес мәжілісі диссертациялық кеңес тәрағасының жетекшілігімен өткізіледі.

Диссертациялық кеңестің тәрағасы, тәраға орынбасары және ғалым хатшысы өздері ғылыми кеңесшілер болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындаі алмайды. Диссертациялық кеңес тәрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңес шешімімен тәраға орынбасарына, тәраға орынбасары және ғалым хатшының міндеттерін орындау кеңес мүшелеріне жүктеледі.

Диссертациялық кеңес тәрағасы, тәраға орынбасары және ғалым хатшысы бір мезгілде болмаған жағдайда кеңестің отырысы өткізілмейді.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 1072-19	Беті 9 барлығы 24

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының бейнежазбаға түсірілуін толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаж жасауға жол берілмейді.

Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) диссертациялық кеңестің мүшелерінен отырыска әр мамандық (кадрларды даярлау бағыты) бойынша кемінде 3 (үш) маман міндетті түрде қатысқан жағдайда занды болып саналады (қатысу парағы - 7 қосымша).

Диссертациялық кеңес мүшелеріне (1/3-інен аспайтын) диссертацияны қорғауды өткізу отырысына on-line режимінде бейне-конференция нысанында қатысқаны да саналады.

Ресми рецензенттердің біреуі (дәлелді себептер бойынша) қатыспаған жағдайда, оның пікірін ғалым хатшы оқиды. Ресми рецензенттерге диссертацияны қорғау отырысында on-line режимінде бейне-конференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі.

24. Диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңес мәжілісінің тәртібі 10 Қосымшага сәйкес өткізіледі.

25. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) (PhD) философия докторы немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) (PhD) философия докторы немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

26. Докторанттың ғылыми кеңесшілері, тікелей басшысы немесе жақын туысқандары болып есептелінетін диссертациялық кеңес мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

Егер мәжіліске қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) және одан да көп бөлігі оң дауыс берсе диссертациялық кеңестің оң шешімі қабылданады. Егер оң шешім үшін мәжіліске қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3-інен (үштен екісінен) кемі дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

27. Теріс шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереженің қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды. Диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

28. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляция.

Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда беруіне болады. Аталған мерзім өткен соң апелляция қабылданбайды. Апелляция беру күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде университет ректоры бүйрекшімен апелляциялық комиссия құрылады (ары қарай - комиссия). Комиссия құрамына тиісті мамандыққа сәйкес ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 3 маман кіреді. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңес мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

Комиссия өз қызметінде Диссертациялық кеңес туралы Ережені және Дәреже беру қағидаларын негізге алады. Комиссия апелляциялық өтініш, диссертация, диссертация қорғау бойынша диссертациялық кеңес материалдарын қарастырып, апелляция қорытындысы бойынша шешімді комиссия құрылудынан бастап 30 күнтізбелік күнде дайындауды. Апелляциялық комиссия қорытындысы ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылданып, комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылып, өтініш берушіге қабылданған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

Апелляциялық комиссияның шешімі оның қабылдануынан кейін 5 жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланып, университеттің интернет-ресурсына жарияланады.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 10 барлығы 24

Жұмысын апелляциялық комиссиясы қабылдамаған докторант бір жылдан кейін қайта қорғау құқығына ие болады.

Осы Ережеде қарастырылмаған даулар, сонымен қатар философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту мәселелері сот тәртібімен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

6. Дәрежелерді беру ережесі

29. Университет диссертациялық кеңестің шешімі негізінде докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы тиісті бұйрықты шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шығарады.

30. Университет ректорының бұйрығымен философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаларға университеттің Ғылыми кеңесімен бекітілген ұлгіге сәйкес университет ректоры, диссертациялық кеңес төрағасы (төрайымы) және ғалым хатшының қолы қойылған дипломдар бұйрық шыққаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде беріледі. Университеттің интернет-ресурсында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы ақпарат диссертациялық кеңес шешімі қабылданғаннан бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

7. Аттестациялық істің дайындалу тәртібі

31. Диссертацияны қорғау бойынша оң шешім қабылданған кезде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін құжаттардың бекітілген тізіміне сәйкес рәсімдейді (11 Қосымша):

Осы аталған норманың орындалуы бойынша жауапкершілік Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысына жүктеледі.

Аттестациялық іс ғалым хатшыда бір жыл бойы сақталады, кейін Абай атындағы ҚазҰПУ мұрағатына қабылдау-өткізу актісі бойынша өткізіледі.

32. Барлық құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде болуы тиіс.

33. Қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттар YMFTCO-ға мемлекеттік тіркеуге жолданады:

- диссертацияның түптелмеген данасы, қағаз және электронды тасымалдағышта бір данадан;
- ілеспе хаты;
- үш тілдегі түйіндеме, қағаз және электронды тасымалдағышта бір данадан;
- ғылыми жарияланымдар тізімі, қағаз және электронды тасымалдағышта бір данадан;
- диссертацияның қазақ және орыс тілдеріндегі тіркеу-есептік карточкасы, қағаз және электронды тасымалдағышта Зданадан (8 қосымша).

8. Ерекше талаптар

34. Докторантуралың білім беру бағдарламасының теориялық курсын толық менгерген, бірақ докторлық диссертациясын белгіленген мерзімде қорғай алмаған докторантқа, сонымен қатар диссертациялық кеңестері жоқ басқа ЖОО түлектеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» «Докторантура» бөлімінің 114-тармағына сәйкес ақылы негізде (4 академиялық кредит көлемінде) ғылыми зерттеу компоненттерін қайта игеруге және докторлық диссертацияларын келесі жылы қорғауға мүмкіндік беріледі.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 11 барлығы 24

9. Қорытынды ережелер

35. Диссертациялық кеңес жұмысы бойынша жалпы жауапкершілік Диссертациялық кеңестің төрағасына жүктеледі.

36. Диссертациялық кеңес бойынша барлық құжаттар ғалым хатшыда бір жыл бойы сакталады, аталған мерзім өткен соң белгіленген тәртіп бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ мұрағатына өткізіледі.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кенес туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 1072-19	Беті 12 барлығы 24

Абай атындағы ҚазҰПУ
жанындағы диссертациялық
кенес туралы Ережеге 1-қосымша

Диссертациялық кенес мүшелері туралы мәлімет

№	(Аты-жөні (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде және ағылшын тілінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азамат тығы	Web of Science нemесе Scopus акпараттық базасының мәліметтері	Халықаралық рецензияланатын жылыми журналдардағы жарияланымдары	Баспа журналдард ағы жарияланым дар	Шығарм ашылық жарияланым дар
1	2	3	4	5	6	7	8	9

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 13 барлығы 24

Абай атындағы ҚазҰПУ
жанындағы диссертациялық
кеңес туралы Ережеге 2-қосымша

Диссертациялық кеңес мүшелерінің еңбекақы төлемі

№	Атауы	Сомасы	Уақыт - сағ.	Ескерту
1	Төрага	5 АЕК	2	
2	Төрага орынбасары	4 АЕК	2	
3	ДК мүшесі	3 АЕК	2	
4	Ғалым хатшы	5 АЕК	2	
5	Рецензент	1 770 теңге	10	ғылым докторы
		1 416 теңге	10	ғылым кандидаты, PhD доктор
6	ДК комиссия мүшелері	1 770 теңге	10	ғылым докторы
		1 416 теңге	10	ғылым кандидаты, PhD доктор

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 14 барлығы 24

Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңесі туралы
Ережеге
3-қосымша

Абай атындағы ҚазҰПУ әкімшілік-шаруашылық бөлімі (бұдан әрі - ӘШБ). диссертациялық кеңестің жұмысына қажетті арнайы жиназдармен жабдықталған мамандандырылған жаймен, ақпараттық және коммуникациялық технологиялармен (Интернет, видео камера, Skype байланысына арналған веб-камера), офицік техникамен (ноутбук, проектор, микрофон, принтер), сертификаттау жағдайларын сақтауға арналған сейфтермен, сондай-ақ кеңсе тауарлары және т.б. қамтамасыз етеді.



«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры

Күні: 05.03.2019

Басылым: Үшінші

Диссертациялық кеңес туралы Ереже

Е ҚазҰПУ 1072-19

Беті 15 барлығы 24

Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес туралы
Ережеге
4-қосымша

Диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін тағайындау (дәреже беруден бас тарту) шешімдері туралы тоқсан сайынғы есеп

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 1072-19	Беті 16 барлығы 24

Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес туралы
Ережеге
5-қосымша

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

жанындағы

(университеттің атауы)

мамандығы (кадрлар даярлаудың бағыттары) бойынша
диссертациялық кеңесі

Есеп келесі мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілетін саны туралы мәліметтер.
2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.
4. Есеп беру жылы бойына диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қараганы туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;
 - 2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының З-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;
 - 3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.
 5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ен сапасыз пікір мысалдарымен бірге).
 6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.
 7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:
 - 1) корғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан);
 - 2) караудан алғыншылар тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);
 - 3) рецензенттің теріс пікірлері алғынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);
 - 4) корғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ны докторанттарынан).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, аты-жөні)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, аты-жөні)
Мөр орны, күні " ____ " 20 ____ жыл

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 17 барлығы 24

Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес туралы
Ережеге 6-қосымша

20 _____ жылы _____
(базасында диссертациялық кеңес құрылған үйим атауы)

базасында _____ мамандығы бойынша

_____ (диссертациялық кеңес шифры)
философия докторы (PhD), бейіндік доктор дәрежесін
беру үшін құрылған диссертациялық кеңестің төрағасына

_____ (аты-жөні)

Өтініш*

Сізден _____ мамандығы
(мамандық атауы, шифры)
бойынша _____ доктор
(ғылым саласы) дәрежесін алу үшін жазылған

_____ тақырыбындағы
(диссертация тақырыбы)

диссертациялық жұмысымды қарauғa және корғauғa қабылдауынызды сұраймын.

Жұмыс корғauғa алғашқы рет (қайта) ұсынылып отыр.

Менің жеке деректерімді аттестациялауға қосу және одан әрі өндеуге келісемін. Арнайы көрсетілмеген жағдайлардан басқа қорғauғa ұсынылған барлық деректер мен нәтижелер шынайы және түпнұсқа екендігін және жеке өзімнің алғандығымды растаймын.

Немірі, қолы.

* Докторант өтініші қолмен жазылады.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 18 барлығы 24

Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес туралы
Ережеге 7-қосымша

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы

Докторант _____
(аты-жөні (болған жағдайда))

мамандығы бойынша (кадрлар даярлау бағыты) докторлық диссертация қорғау жөніндегі

Диссертациялық кеңес мәжілісінің

" " 20 ж. № хаттамасы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің аты-жөні (бар болған жағдайда)	Ғылыми дәрежесі	Мәжіліске қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, аты-жөні)

	«Абай атындағы Қазақ Үлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 19 барлығы 24

Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес туралы
Ережеге
8-қосымша

ТИРКЕУ-ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (толық)

Тұылған жылы	Азаматтығы	Үлтты	Аттестациялық істің №
Диссертациялық кеңес	Шешім қабылданған күні, айы, жылы	Шешімнің №	
Диссертация қорғалған ЖОО-ның атауы			
Дәрежені ізденуші	Мамандық атауы		
Дәреже берілді	Дипломның №		
Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор			

Ескерту:

- Мәтін 148x105мм форматтағы тығыз ақшыл қағаздан жасалған карточкада басылады.
- «Аттестациялық істің №» және «Дәреже берілді» деген бағандар Абай атындағы ҚазҰПУ -да толтырылады.
- Карточканың артқы жағында ізденушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) казақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі және оның қолымен расталады.



Абай ат. ҚазҰПУ жынындағы
диссертациялық кеңес туралы үлгі
Ережеге
9-қосымша

Докторант туралы мәлімет

(аты-жөні)

			Сурет 3x4
1	Туган күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Жоғары және жоғары оқудан кейінгі білімі туралы ақпарат		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми кеңесшілер		
7	Ресми рецензенттер		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:		
	Комитет ұсынатын басылымдарда		
	Web of Science немесе Scopus базасындағы шетелдік басылымдарда		
	халықаралық конференция материалында, оның ішінде:		
	шетелдік конференция материалында		
9	Енбек жолы		
	Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы
			Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

«_____» _____. 20 ____ ж.

	«Абай атындағы Қазақ Үлттүк педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 21 барлығы 24

Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес
туралы Ережеге
10-қосымша

Диссертациялық кеңес отырыстарының рәсімдік тәртібі

Диссертацияларды қорғау бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ диссертациялық кеңес отырысының тәртібі:

- 1) төрағаның кворум туралы (келу парағы негізінде), отырысты өткізу құқығы туралы, докторанттың аты-жөні, оқыған мамандығы мен қоргайтын мамандығы және диссертация тақырыбын таныстыру туралы кіріспе сөзі;
- 2) докторант ғылыми жарияланымдарының түгелдігі, құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігі туралы ғалым хатшының сөзі;
- 3) докторанттың қорғауы (баяндама 20 минутқа дейін);
- 4) докторанттың кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауаптары;
- 5) ғылыми кеңесшілердің шығып сөйлеуі;
- 6) сарапшылардың (рецензенттердің) шығып сөйлеуі;
- 7) рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ұсыныстарына қорытындылары;
- 8) диссертациялық кеңес мүшелерінің талқылауы;
- 9) докторанттың соңғы сөзі;
- 10) төрағаны қоспағанда, диссертациялық кеңестен 3 адамға дейін есептеу комиссиясын сайлау;
- 11) өтініш бойынша дәреже беру туралы жасырын дауыс беру;
- 12) жасырын дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы төрағасының шығып сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекітуі;
- 13) көпшілік алдында қорғау нәтижелерін жария ету;
- 14) диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 1072-19	Беті 22 барлығы 24

Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес туралы Ережеге
11-қосымша

Аттестациялық іске қажет құжаттар тізімі:

- 1) докторанттың аттестациялық іс құжаттарының тізімі;
- 2) берік түптелген диссертация мен электрондық тасымалдағыштағы диссертация (CD-ROM);
- 3) докторант оқыған университеттің немесе факультеттің ғалым хатшысы мақұлдаған ғылыми жұмыстардың тізімі және диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдардың баспа таңбасы;
- 4) қазақ және орыс тілдерінде осы Ереженің 8-қосымшасындағы нысанға сәйкес диссертацияның тіркеу-есеп карточкасы;
- 5) докторанттың автор мен дереккөздерге сілтеме жасамай бөтен материалды пайдаланған бойынша диссертацияның тексерілгені туралы Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының анықтамасы;
- 6) қызмет орнында куәландырылған ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 7) қызмет орнында куәландырылған 2 рецензенттің пікірі;
- 8) осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы;
- 9) диссертациялық кеңес төрағасының және ғалым хатшының қолы қойылған диссертациялық кеңестің бейнеказбасы мен стенограммасы;
- 10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, оларға қосымшалары (транскриптердің көшірмелері); (докторанттың тегі өзгерген жағдайда тегі өзгертилгенін растайтын құжат көрсетіледі);
- 11) докторантуралың кәсіптік оқу бағдарламарын менгергені туралы транскриптің көшірмесі;
- 12) диссертациялық кеңеске өтініші берілгенге дейін еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 13) докторанттың осы ереженің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша докторант туралы ақпарат;
- 14) оқу орны бойынша сол жоғары оқу орнының кадрлік қызметте куәландырылған жеке іс парагы;
- 15) диссертациялық кеңес төрағасының бұрыштамасы бар докторанттың қорғауға жіберілу туралы өтініші;
- 16) диссертацияны қорғауға ұсыну туралы он шешімі бар кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;
- 17) диссертациялық кеңестің қорытындысы;
- 18) диссертацияның көшірмелері кітапхана қорына тапсырылғаны туралы кітапхана анықтамасы;
- 19) диссертациялық кеңеске (басқа жоғары оқу орындарының докторанттарына) арналған ілеспе бағыттаушы-хаты;
- 20) диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы және қорғауга жіберу туралы бұйрықтардың үзінді көшірмелері;
- 21) есеп комиссия отырысының хаттамалары және бюллетень;
- 22) философия докторы (PhD) дипломының көшірмесі.
- 23) диссертациялық кеңес жанындағы ғылыми семинардың хаттамасынан үзінді көшірме.

	«Абай атындағы Қазақ Үлттүк педагогикалық университеті» РМҚК ректоры	Күні: 05.03.2019	Басылым: Үшінші
	Диссертациялық кеңес туралы Ереже	E ҚазҰПУ 1072-19	Беті 23 барлығы 24

Келісу парагы

	лауазымы	аты - жөні	қолы
1	Председатель Диссертационного Совета	Альмухамбетов Берикжан Айткулович	 (подпись)
2	Председатель Диссертационного Совета	Абылқасымова Алма Есимбековна	 (подпись)
3	Председатель Диссертационного Совета	Абдыгазиулы Балтабай	 (подпись)
4	Председатель Диссертационного Совета	Ахметов Нурлан Каркенович	 (подпись)
5	Председатель Диссертационного Совета	Абишева Сауле Жунусовна	 (подпись)
6	Председатель Диссертационного Совета	Бидайбеков Есен Ікыласович	 (подпись)
7	Председатель Диссертационного Совета	Есенова Калбике Омирбаевна	 (подпись)
8	Председатель Диссертационного Совета	Койгельдиев Мамбет Кулжабаевич	 (подпись)
9	Председатель Диссертационного Совета	Косов Владимир Николаевич	 (подпись)
10	Председатель Диссертационного Совета	Каймудинова Куляш Дүйсенбаевна	 (подпись)
11	Председатель Диссертационного Совета	Мовкебаева Зульфия Ахметвалиевна	 (подпись)
12	Председатель Диссертационного Совета	Оразбаева Фаузия Шамшиевна	 (подпись)
13	Председатель Диссертационного Совета	Тургунбаева Ботагуль Алтаевна	 (подпись)
14	Председатель Диссертационного Совета	Чильдебаев Жумадил Байдильдаевич	 (подпись)